

Қоғамның модернизациялануы контекстіндегі инновациялық тұлғаның қалыптасуы

Г.А. Кенжакимова – соц.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының доценті;
Д.Н. Нұран - әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасының аға оқытушысы.

Қазіргі таңда модернизацияланған инновациялық қоғамның мүшесі болу тұлғаның өзін-өзі жүзеге асырумен тікелей байланысты. Адамның өзін-өзі жүзеге асыруының мәні өзін қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынас орнату үшін өзін-өзі жетілдіру қабілетін жоғарылату, ішкі дүниесін ұйымдастыру болып табылады.

Қазіргі үйлесімді дамыған тұлғаның негізгі құраушы компоненті ретінде инновациялық бастамаларды дамыту – бұл адамның өзін анықтауға, жүзеге асыруға және шығармашылық бастамаларын ашуға, сондай-ақ ішкі экзистенциалдық дағдарысқа қарсы тұру мүмкіндігінің қажетті шарты.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдарда инновация феноменіне ХХ ғасырдың бірінші жартысында мән беріле бастады. Ең алдымен, инновацияның мәні Г.Тард, Н.Д. Кондратьев және Й.Шумпетердің еңбектерінде, яғни әлеуметтік-экономикалық пәндерде оқытыла бастады. Г.Тард енгізілген жаңалықтардың әлеуметтік прогреске әсерін, ал Н.Д. Кондратьев жаңа технологиялар мен экономикалық өрлеудің өзара байланысын зерттей отырып, экономикалық циклдардың толқындық теориясын ұсынды. Осылардың идеясын, ережелерін ескере отырып, Й.Шумпетер ғылыми айналымға «инновация» терминін енгізеді. Ол инновацияны іргелі ғылыми зерттеудің бастапқы кезеңдерінен бастап, тұтыну саласына тәжірибе түрде енетін кешенді процесс ретінде қарастырады. Яғни, инновация деп жаңа тұтынушы тауарлар, өндірістік және көліктік құралдар, өнеркәсіпті ұйымдастырудың жаңа нарығы мен формаларын енгізу негізінде өзгеру деп түсіндірді [1, 243б.].

Ал нарықтық экономикада инновация былай сипатталады: «Инновация дегеніміз - жаңалық енгізу (енгізілген, енгізілетін жаңалық), ғылыми жетістіктерді, озат тәжірибені пайдалана отырып жаңа бұйымдарды, техника мен технологияларды өндіруге, дамытуға және сапа жағынан жетілдіруге бағытталған жаңалық енгізу процесі. Ол 3 кезеңді қамтиды: зерттей бастағаннан өнеркәсіпте алғаш рет игергенге дейін, алғашқы игеруден бастап бұйымды тұтынушы қажетін қанағаттандыру үшін қажетті мөлшерде шығаруға деген, одан соң оны тұтынушылардың пайдаланылып кәдеге асуына дейін» [2, 114б.]. Сонымен, инновация феномені экономикалық ғылымда кеңінен ұзақ уақыт бойы зерттелді.

Тек ХХ ғасырдың соңына қарай инновация өзінің зерттеу дамуын инновациялық менеджментте, басқару әлеуметтануында және инноватикада ғылымдарында жалғастырды. Менеджментте инновация «тәжірибелік іс-әрекетте немесе әлеуметтік қызмет көрсетудің жаңа амалдарында қолданылатын, жаңа немесе жетілдірілген технологиялық прогресс нарығына енгізілген, жаңа немесе жетілдірілген өнім ретінде іске асырылған инновациялық іс-әрекеттің соңғы нәтижесі» ретінде түсіндіріледі [3, 23б.].

Сондай-ақ, инновациялық менеджмент бойынша американдық әлеуметтанушы және экономист П.Ф. Дракер инновацияны техникалыққа қарағанда, көптеп әлеуметтанулық термин деп көрсетіп, оған «ресурстар мен даму қайнар көздерінің өзгеруі» деген анықтама береді.

Ал инноватикада инновация ұғымы «жаңа объект (жүйе, технологиялар, құрал-саймандар, тауарлар, қызметтер және т.с.с.) немесе осы уақытқа дейін болған аналогтың басқа сапалы түрдегі объект ретінде өндірілген интеллектуалдық іс-әрекеттің (ғылыми-

техникалық зерттеулер, ғылыми-техникалық жаңалықтар және өнертабыстар, ғылыми идеялар) соңғы нәтижесі» ретінде анықталады.

Ал, әлеуметтану ғылымында инновация қоғам дамуында осы уақытқа дейін болмаған және табиғи түрде пайда болған немесе мемлекет, шіркеу және т.б. басқару субъектілерінің инициативасы бойынша енгізілген қоғамның әлеуметтік саласындағы құбылыс ретінде қарастырылады [4].

Қазіргі таңда әлеуметтануда инновацияны оқытудың негізгі екі амалын көрсетуге болады. Олар: ұйымдастырушылық бағытталған және индивидуалды бағытталған. Бірінші амалдың мәні бойынша инновация өзара байланысты процестердің жиынтығы және мәселені шешу мен жаңа құбылыстарды тәжірибеде пайдалануға бағытталған жаңа идеяларды тұжырымдаудың нәтижесі болып табылады. Инновациялық тұжырымдамаларды жүзеге асыру барысында экономикалық, материалдық және басқа да ресурстар қолданылады. Ал индивидуалды бағытталған амал инновацияны индивид пен инновацияның қосылуы барысында туындаған ойлап тапқыштық іс-әрекет ретінде қарастыруды білдіреді. Инновациялық процесс моделі жаңалықты өңдеу, осы жаңалықты жүзеге асырудың амалдары туралы шешімдерді қабылдау және шешімді жүзеге асыруды қамтиды.

Сондай-ақ, әлеуметтануда инновацияны түсіндірудің жүзеге асыру немесе оған қарсылық көрсету мақсатында индивидтердің және топтардың мінез-құлқының өзгеруіне алып келетін идеялар, тұжырымдамалар, іс-әрекеттің түрлерін сипаттайтын мінез-құлықтық амалы да бар.

Әлеуметтануда инновацияны талдау әлеуметтік рөл призмасы негізінде жүзеге асырылады. Қоғамдағы, әртүрлі ұжымдағы, әлеуметтік қауымдастықтардағы көптеген қақтығыстар, ең алдымен, новатор-консерватор ролдерінің және олардың нақты жағдайларда олардың жүзеге асыру процестерімен байланысты.

Инновацияны әлеуметтанулық түсіну әлеуметтік мобильділік механизмдері арқылы әлеуметтік құрылымды өзгертумен тығыз байланысты. Өйткені инновация субъектілерінің (жаңалықты ойлап тапқан және оларды тәжірибеге енгізген адамдар және әлеуметтік топтар) белсенді іс-әрекеттері олардың әлеуметтік мәртебесін өзгертуге және әлеуметтік құрылымда жаңа позицияны (көбінесе, жоғарғы) иемденуге мүмкіндік тудырады.

Сондай-ақ, инновация белгілі бір мәдениет шеңберінде туындағандықтан ол мәдениеттердің тарихи өзара әрекеттестігінің нәтижесі болып табылады. Инновация жаңа мәдениетке жол ашады, оны жаңа деңгейге шығарады. Дегенмен, инновация күрделі, қарама-қайшы процесс, ол жаңа мәдениетке айналмауы да мүмкін.

Біріншіден, инновация қоғам мәдениетінде әлі болмаған жаңа мәдениет үлгілерін енгізуі мүмкін. Екіншіден, инновация қоғам мәдениетіне енбей, керісінше, мәдениет үлгілерін ығыстырып, орнын басуы да мүмкін. Айтатын болсақ, бізге Батыстан келген спорт (мысалы, дельтапланеризм) немесе музыкалық (американдық джаз, ауыр рок және т.б.) инновациялар осы уақытқа дейін болғанды ығыстармай-ақ еніп кетті. Бірақ нарықтық қатынастар (әлеуметтік-мәдени феномен ретінде) жоспарлы-мемлекеттік қарым-қатынастардың орнына жай ғана еніп қоя алмайды, бұл инновация оны ығыстырып, орнын басуы тиіс. Үшіншіден, инновациялар қоғамда қалыптасқан мәдени үлгілер, құндылықтар мен нормалармен қақтығыстарға түсуі мүмкін.

Аталғандардың бәрін ескеретін болсақ, инновацияның әлеуметтік-мәдени әсері жағынан мәселелер туындайды. Инновация қоғамда қалыптасқан мәдени үлгілер, құндылықтар мен нормалармен қақтығыстарға түсіп, қабылданбаса да мәдениетке әсер етпей қоймайды. Түбегейлі өзгерістер мәдени үлгілерді тек бұзып қана қоймай, жаңасын құрады және әлеуметтік қарым-қатынастардың сипатын өзгертеді. Дәл осындай қоғамға түбегейлі ықпал етулер кеңінен автомобиль, бұқаралық ақпарат құралдары (пресса, радио, теледидар) сияқты инновация түрлерін тудырды [5, 552-559 бб.].

Сонымен, инновация адам өмірінің экономикалық, саяси, білім беру, техникалық салаларының дамуына ғана әсер етіп қоймастан, сонымен қатар адамның жеке өміріне де, оның қоғамдағы орнын, ролін анықтауға да тікелей ықпал етеді.

Адам табиғатынан жүзеге асыруды талап ететін табиғи, экономикалық, материалдық, әлеуметтік, саяси, ұлттық, мәдени, рухани және адамгершіліктік қажеттіліктер жиынтығына ие. Тіпті өте дамыған мемлекет азаматтары да бұл қажеттіліктерді қажет етеді. Бәрімізге белгілі, А.Маслоудың қажеттіліктер пирамидасынан да адам қажеттіліктерінің үздіксіз өсіп отыратындығын көруімізге болады.

Қазіргі заман инновациялық қоғамдық дамудың дәуірі ретінде адамға да ерекше талаптарды қояды. Осы заманға сай болу үшін, инновациялық процестерге тиімді қатысу үшін адам тұлғалық ұстанымдарды, сапа мен құндылықтарды игеруі тиіс [6, 188б.].

Қазіргі қоғамда инновация, инновациялық іс-әрекет, инновациялық шығармашылық, әсіресе инновациялық тұлға күннен-күнге өзекті түсініктерге айналууда. Қоғамға жаңалықты енгізетін, инновациялық өндіріс пен техниканы, білім беру және тағы басқа салаларды тудыратын да осы инновациялық тұлға болып табылады. Инновация дегеніміз – бұл жаңалық енгізу. Ал инновациялық тұлға - осы жаңалықты тудыратын шығармашылық тұлға. Ал инноватор – бұл жаңалықты енгізетін адам. Инновация мәселесі тұлға мәселесін зерттеуде де басты маңызды жағдайға айналууда. Инновациялық стратегияның мәнін қазіргі қоғам дамуының заманауи парадигмасы ретінде терең түсіну тұлғаның жаңа, әлеуметтік түрі инновациялық тұлғаның мәнін түсінуге де алып келеді.

Инновациялық тұлғаның нақты әлеуметтанулық сипаттамасы ХХ ғасырдың 60-70 жылдары батыс әлеуметтанулық әдебиеттерде жарияланды. Инновациялық, жаңашыл тұлға ұғымы тәуелді авторитарлық тұлғаға қатаң қарсы түр ретінде 1962 жылы алғаш рет Э.Хагенмен енгізілді. Ол инновациялық тұлғаның мынадай кескінін ерекшеледі: әлемді танытуға деген құмарлық, жаңартпаларды және басқа адамдардың ойының біртумалығын қолдау, жаңалыққа өзіндік ұмтылу, шығармашылық рух.

Батыс ойшылдары 70-ші жылдары көптеген дамушы елдердің дамуының әлеуметтік және мәдени аспектілеріне салыстырмалы зерттеу жүргізеді. Нәтижесінде, инновациялық тұлғаның моделі болып аталған қазіргі тұлғаның талдалмалы моделі қарастырылды. Онда төмендегідей 9 кескіні көрсетілді:

- эксперимент, инновациялық және өзгерістерге ашықтығы;
- әртүрлі көзқарастардың болуын, ой плюрализмін мойындау;
- қазіргі уақытқа және болашаққа бағытталу;
- сенімділік және өмірлік қиындықтарды жеңуге қабілеті;
- алға қойылған мақсаттарға жету үшін болашақ іс-әрекеттерді жоспарлау;
- әлеуметтік өмірді реттеу және болжау мүмкіндігіне сенім;
- жұмсалған еңбекке сый беруге қатысты қалтқысыздық сезім;
- білімнің жоғары бағалылығы;
- мәртебелік позициясына қарамастан басқа адамдардың адамгершілігін сыйлау.

Г.И. Герасимов және Л.В. Плюхиннің «Білім берудегі инновация: мәні мен әлеуметтік механизмдер» еңбегінде (М., 1998) инновациялық тұлғаның әртүрлі эмпирикалық сипаттамаларына салыстырмалы талдау жүргізіліп, инновациялық тұлғаның жалпы бейнесі берілді. Бұл еңбекте авторлар тұлғаның сипаттаушы төмендегідей кескінін көрсетті:

- әлеуметтік механизм дамуы тұрғысынан өзгерісті қажет етуі, билік дәстүрінен ауытқи алуы;
- тұлғалық сапасының және шығармашылық (креативтік) ойлауының болуы;
- оларды тиімді жүзеге асыру идеялары мен мүмкіндіктерін таба алуы;
- жаңалықты іріктеу мен ұйымдастыруға жүйелі және болжамдық амалдың болуы;
- анықталмаған жағдайды және тәуекел деңгейін анықтау қабілеті;
- кездесетін қиындықтарды үнемі жеңе алуы;
- рефлексия және өзін-өзі талдауға қабілетінің жоғарылығы.

Бұл сипаттамаларда жаңа тарихи жағдайлардағы тұлғаның инновациялық түрінің негізгі кескіні қамтылған. Инновациялық тұлға өмірдің әлеуметтік жағдайларына бейімделу қабілетін игеріп қана қоймауы тиіс. Оның белсенділігі осы жағдайларды өзгертуге

бағытталуы және өзінің нақты іс-әрекеттерімен қоғамдық өмірдің салаларын тәжірибелік дамытуға ықпал ете алуы тиіс [7].

Ондай-ақ, Карпова Ю.А. инновациялық тұлғаны әлеуметтік даму барысына ықпал етуге қабілетті, қазіргі заманды жасай алатын тұлға ретінде қарастырады. Сонымен қатар инновациялық тұлға қазіргі заманның шарт-жағдайларымен қалыптасқан болуы тиіс. Инновациялық тұлға ықпал етудің жаңа түрін іздеу мақсатында қоршаған ортаның іс-әрекетін басқаруға ұмтылады. Ол маңызды мәселелі жағдайларды шешудің жаңа амалдарын жүзеге асыруда туындайтын (соның ішінде, кері жайттарда да) өзінің шығармашылық іс-әрекетінің салдарларының жауапкершілігін алуға дайын болуы тиіс. Бұл жағдай инновациялық тұлғаны кемелденген тұлға ретінде сипаттайды. Инновациялық тұлғаның креативтілігі негізінде басқаша ойлау (ойды құра білу, ойды өзгерте білу, шығармашылық ойлау білу) мүмкіндігі ретінде жүйелілікті құрайтын қасиеттер жатыр.

Инновациялық тұлға қазіргі қоғамда маңызды ролді атқарса да оған берілетін нақты анықтама жоқ. Көптеген ғалымдар инновациялық тұлғаның негізгі кескініне креативтілік, интеллектуалды дарындылық, эмоционалды интеллект, өзін-өзі ұйымдастыру, басқару дағдылары, қазіргі қоғамды түсіне және сезіне білу сияқты қасиеттерді жатқызады. Бұдан бұл құбылыстың қиындылығы мен көп өлшемділігін көре аламыз.

Біздің пікір бойынша, инновациялық тұлғаның негізгі қасиеті –шығармашылық ойлай білу, ал бұл дегеніміз - бір мәселені шешуде көптеген жан-жақты нұсқаларының болуы, қарама-қайшылық жағдайларда жағдайды өршітпейтін шешімдерді таба білу мүмкіндіктері. Осы қабілеттердің байланысы инновациялықтың қажетті компоненті болып табылатын интегративтік қасиеттердің мәнін құрайды.

Инновация ұйымдастырушылық іс-әрекеттің ерекше түрі болғандықтан, ол қазіргі инновациялық тұлғаны сипаттаушы бейнесінің белгілі жиынтықтарының жетілдірілуін талап етеді.

Біз ресейлік және шетелдік зерттеушілердің жұмыстарына талдау жасай отыра, инновациялық тұлғаның мынандай кескіндерін ұсынамыз: шығармашылықтық (бір мәселені шешуде көптеген жан-жақты нұсқаларының болуы, қарама-қайшылық жағдайларда жағдайды өршітпейтін шешімдерді таба білу мүмкіндіктері) және ойлаудың креативтілігі, белгісіздікке толеранттылық, синтездік ойлау, ойдың икемділігі, ауыспалылық, инновацияны таба білу қабілеті, оларды адекватты және тиімді қолдана білу, сыншылдық, инновацияны іріктеу және ұйымдастыруда жүйелі амал жүргізу, тұрақты мотивациясының болуы, тәуекелге бейімділігі (тәуелділік деңгейін ескере отырып, жан-жақты тиімді нұсқаларды таңдай білуі), өмірге төзімділігі (стресс энергиясын дамыту энергиясына өзгерте алуы), үнемі туындап отыратын қарама-қайшылықтарды жеңе білуге дайын болуы, ұжымда жұмыс істей алуы, мәселені алдын-ала сезе білуі, болжамдық қасиеттер, әлеуметтік кемелденілген және адамгершіліктік тұтастық, қазіргі уақытқа және болашаққа бағытталуы, сенімділік, белгісіздік жағдайларға бағыттала алу қабілеті, ақпараттың жаңалығы мен қиындығына қуана білу қабілеті, білім алуды жоғарғы құндылық деп түсінуі, рефлексияға мүмкіндігі.

Бұл инновациялық тұлғаның шектелген қасиеттері емес, бірақ тұлғаның инновациялық түрін анықтауға қажетті және жеткілікті жиынтық [8].

Қазіргі қоғамның даму тенденциясы адамның инновациялық қоғамға енуін және инновациялық тартыста тіршілік етуін қамтамасыз етуде тұлғаның инновациялық мәдениетін қалыптастыруды қажет етеді. Инновациялық мәдениет үздіксіз жаңарып отыратын қоғамда адамның тұтас және толыққанды өмір сүруіне мүмкіндік жасайды.

Э.Фромм көрсеткендей, «жаңа принциптерге негізделген қоғам құру үшін барлық адам қоғамның экономикалық саласына белсенді қатысуы және қоғамның белсенді азаматы болуы тиіс [9]». Адамның қоғамға деген шығармашылықтық, инициативтік

қарым-қатынасы игілікті қоғамға жетуге алып келеді. Тұлғаның инновациялық қоғам процесінде өзін-өзі жүзеге асыруы сыртқы белсенділікпен қатар, ішкі белсенділікті де ынталандыруды талап етеді. Өйткені инновациялық тұлғаның мақсаты сыртқы ортамен үйлесімдік табу, сондай-ақ қоғамды алға жылту болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Шумпетер Й. Теория экономического развития. – М.: Прогресс, 1982. – 401 с.
2. Нарықтық экономиканың орысша-қазақша түсіндірме сөздігі. – Алматы: ҚазМемҒАҒЗИ, 2001. – 400 б.
3. Морозов Ю.П. Инновационный менеджмент. – М.; ЮНИТИ-ДАНА, 2003. – 471с.
4. Электрондық ресурс: <http://sociology-dictionary.info>
5. Зборовский Г.Е. Общая социология: Учебник. 3-е изд., испр. и доп. - М.: Гардарики, 2004. –592 с.
6. Ключко В.Е., Галажинский Э.В. Психология инновационного поведения. – Томск: Томский государственный университет, 2009. – 240 с.
7. Шевченко В.Н. Инновационная личность как социальный тип. Электрондық ресурс: www.cyberleninka.ru/article/n/
8. Кротова О.В. Основные характеристики инновационной личности. Электрондық ресурс: <http://www.google.ru/url?sa=t&rct=j&q>
9. Электронды ресурс: <http://www.kolmogorovschool.ru/show.html?id=271>.

Аннотация

Мақалада қоғамның модернизациялануы контекстіндегі инновациялық тұлғаның қалыптасуы қарастырылған. Инновация адам өмірінің экономикалық, саяси, білім беру, техникалық салаларының дамуына ғана әсер етіп қоймастан, сонымен қатар адамның жеке өміріне де, оның қоғамдағы орнын, ролін анықтауға да тікелей ықпал етеді. Адам осы заманға сай болуы, инновациялық процестерге тиімді қатысуы үшін тұлғалық ұстанымдарды, сапа мен құндылықтарды игеруі тиіс. Инновациялық тұлға өмірдің әлеуметтік жағдайларына бейімделу қабілетін игеріп қана қоймауы тиіс. Оның белсенділігі осы жағдайларды өзгертуге бағытталуы және өзінің нақты іс-әрекеттерімен қоғамдық өмірдің салаларын тәжірибелік дамытуға ықпал ете алуы тиіс.

Аннотация

В статье рассматривается формирование инновационной личности в контексте модернизационного общества. Инновация влияет не только на экономическое, политическое, образовательное, техническое развития сфер общества, также она определяет место и роль человека в этом обществе. Человек для соответствия требованиям современного общества и чтобы эффективно участвовать в инновационных процессах, он должен приобрести личностные установки, качества и ценности. Инновационная личность должна не только усвоить навыки адаптации на социальные положения общества, но и ее активность должна быть направлена на изменение этих положений и своей конкретной деятельностью должна влиять на практическое развитие жизненных сфер общества.

Annotation

The article is devoted to formation of the innovative personality in a context of modernization society. The innovation influences not only economic, political, educational, technical developments of spheres of society, also it defines a place and a role of the person in this society. The person for compliance to requirements of modern society and effectively to participate in

innovative processes, it should get personal installations, qualities and values. The innovative personality should not only acquire skills of adaptation on social statuses of society, but also its activity should be directed on change of these provisions and the concrete activity should influence practical development of vital spheres of society.